

"Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме туралы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 270 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 қарашада № 5990 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 04.05.2016 № 99 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдың үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме туралы ережесін бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A.Исмагұлов

Әкімдіктің
2015 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 270 қаулысымен бекітілген

"Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты"

мемлекеттік мекемесі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалды-техникалық саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жок.

3. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз

қызметін Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеті берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілер рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы белгіленген заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110903, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Бөрлі ауылы, Совет көшесі.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау түрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан, қамтамасыз ету болып табылады.

15. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын, қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процесстерді басқару;

3) қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың конституциялық принциптерін өмірге енгізу, демократиялық әдістерімен мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін шешу;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, азаматтардың құқықтық саналылығының және олардың елдің қоғамдық-саяси өмірдегі белсененді азаматтық ұстанымдарының деңгейін арттыру;

5) Қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

2) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді жариялау;

3) аппарат жұмысын жоспарлайды, кеңестер, семинарлар және басқа да іс-шараларды өткізуді, оларды дайындауды және өткізуді ұйымдастырады;

4) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің шешімдерінің және өкімдерінің жобаларын дайындайды;

5) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституациясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындаудына жәрдемдеседі;

6) әкімнің актілерін тиісті ресімдеуін және таратуын қамтамасыз етеді;

- 7) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің іс қағаздар жоспарына сәйкес ұйымдастырылады;
 - 8) қызметтік құжаттарды, жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарайды, әкімнің жеке және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдаудың ұйымдастырады;
 - 9) мемлекеттік тілдің қолдану аясында кеңейтуге бағытталған шаралар қолданады;
 - 10) жұмыстың стилін, әдісін жақсарту шараларын және жаңа ақпараттық технологияларын енгізу бойынша жұмыс жүргізеді;
 - 11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
 - 12) елді мекендердің санитарлық тазалау және көгалдандыру, жарықтандыру, көріктендіру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;
 - 13) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.
17. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:
- 1) Осы Ережемен қарастырылған негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін, "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз өкілетінде мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан керекті ақпараты, құжаттарды және басқа да материалды алу мен сұрауға құқылы;
 - 2) Мемлекеттік органдыру құзыретіне жатқызылған мәселер бойынша қоғамның құқылы мен заң мүшесіне түсіндірме беру;
 - 3) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;
 - 4) Қазақстан Республикасына заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары мен міндеттері.

3. Мемлекеттік органның қызметтің ұйымдастыру

18. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауылдық округ әкімі жүзеге асырады.
19. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және қызметтен босатылады.
20. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы орынбасары жоқ.
21. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімнің өкілеттігі;

- 1) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда өкілдік етеді;
- 2) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін әзірлейді, Бөрлі ауылдық әкімі аппаратының құрылымы мен штаттық санын бекітуге аудан әкімдігіне ұсыныстар енгізеді;
- 3) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ішкі еңбек тәртібін белгілейді;
- 4) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне өкілеттігін және міндеттерін анықтайды;
- 5) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерін тағайындаиды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;
- 6) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті нұсқаулар береді, шешімдер мен өкімдер шығарады;
- 7) ауылдық қабылданған шешімдер мен өкімдердің орындалуын бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрлармен жұмысты үйледеуден кейін ауылдық қабылданған шешімдер мен өкімдердің орындалуын бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;
- 9) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;
- 10) "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іс–сапарларға жолдайды;
- 11) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауын жүзеге асырады;
- 12) нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалар мен басқа да құжаттардың жобаларын әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады;
- 13) өз құзыреті шегінде "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;
- 14) Өз құзыреті шегінде гендерлік саясаты іске асырады;
- 15) Өз құзыреті шегінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес – өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкінен меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.